

Кәрібаев Б.Б.

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, т.ғ.д.,
Қазақстан, Алматы, e-mail: bereket.bk64@gmail.com

**XVI ҒАСЫР СОҢЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ
МЕН ШИБАНИЛЫҚ МАУЕРЕННАХР
АРАСЫНДАҒЫ СЯСИ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАР МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Автор бұл мақаласында XVI ғасыр соңындағы Қазақ хандығы мен шибанилық әулет билеген Мауереннахр арасындағы саяси қарым-қатынастар мәселелерін ғылыми айналымдағы ортағасырлық парсы тіліндегі тарихи шығармалар мен кеңестік және отандық тарихнамалық материалдар негізінде қарастырады. Сол тұстағы екі елдің жалпы саяси жағдайларына қысқаша шолу жасай келе, екі мемлекет арасындағы саяси қарым-қатынастардың негізгі себептерін анықтайды. Қазақ хандығы шибанилық әулеттің басты қарсыласы Ирандағы сефевилік әулетпен байланыстар орнатуға ұмтылады. Екі елдің Мауереннахрға бір мезгілде жасаған жорығына қарап, автор бұл алдын ала жоспарланған іс-қимыл деп ой түйеді. Бұған дейін отандық тарихнамада Тәуекел ханның 1597-1598 жылдары Мауереннахрға бір ғана жорығы туралы баяндалып келсе, автор дерек мәліметтеріне талдаулар жасау арқылы екі жорық болғанын дәлелдейді. Бірі – Мауереннахр билеушісінің тірі кезінде, екіншісі – билеушінің қайтыс болғаннан кейін жүзеге асқан. Осы жорықтардың нәтижесінде Түркістан аймағы мен Ташкент өңірі Қазақ хандығының құрамына толықтай қосылады. Бұл үдеріс өз кезегінде қазақ халқының этноаумағының қалыптасуының аяқталуына алып келеді.

Түйін сөздер: Қазақ хандығы, Тәуекел хан, Мауереннахр, II Абдаллах хан, XVI ғасыр соңы, Аббас шах, Құл-Мұхаммед би, елшілік, этноаумақ.

Karibaev B.B.

Prof., Dr., al-Farabi Kazakh National University,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: bereket.bk64@gmail.com

**The problems of political relations between
the Kazakh Khanate and the Shabanid Maverrennakh
at the end of the XVI century**

In this article, the author examines the issues of political relations between the Kazakh Khanate and the government of the Shibanid dynasty in Maverrennakhra at the end of the 16th century, based on medieval Persian historical sources, as well as Soviet and domestic historiographic materials. A brief overview of the overall political situation in the two countries will determine the main causes of political relations between the two countries. The Kazakh Khanate is the main opponent of the Shiban tribe, seeking to establish a connection with the Iranian Safavid dynasty. A simultaneous trip of two strangers to Mavrennahr, the author believes that this was a planned action. Earlier in the national historiography about Tauekel Khan, only one campaign in Maverronnakhr in the years 1597-1598 was reported. The author, analyzing the reduction of sources, asserts about two campaigns. One – during the life of the ruler of Kavernahra, and the second – after the death of the ruler. As a result of these trips, the Turkestan region and the Tashkent region will be fully annexed to the Kazakh Khanate. This process, in turn, leads to the completion of the formation of the Kazakh ethnoterritory.

Key words: Kazakh Khanate, Tauekel Khan, Maverrennakh, Abdullah Khan II, end of the 16th century, Abbas Shah, Kul-Muhammed bi, embassy, ethnic territory.

Карибаев Б.Б.

д.и.н., профессор, Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: bereket.bk64@gmail.com

**Проблемы политических отношений
между Казахским ханством и с шибанидской Мавереннахром
в конце XVI века**

В данной статье автор рассматривает вопросы политических отношений между Казахским ханством и правительством династией шибанидов в Мавереннахре, в конце XVI века, на основе средневековых персидских исторических источников, также советских и отечественных историографических материалов. Краткий обзор общей политической ситуации в двух странах определяет основные причины политических отношений между двумя странами. Казахское ханство является основным противником племени шибан, стремясь установить связь с иранской сефевидской династией. Одновременный поход двух стран в Мавереннахр автор считает запланированным действием. Ранее в отечественной историографии о Тауекел хане сообщалось только об одном походе в Мавереннахр в 1597-1598 гг., автор, анализируя сведения источников, утверждает о двух походах: при жизни правителя Мавереннахра, и после смерти правителя. В результате этих походов Туркестанская область и Ташкентская область будут полностью присоединены в Казахское ханство. Этот процесс, в свою очередь, приводит к завершению формирования казахской этнотерритории.

Ключевые слова: Казахское ханство, Тауекел-хан, Мавереннахр, Абдаллах хан II, конец XVI в., Аббас шах, Кул-Мухаммед би, посольство, этнотерритория.

Кіріспе

XV-XVIII ғасырлар аралығында Қазақ хандығы Шығыс Дешті Қыпшақ аумағындағы жалғыз саяси құрылым ретінде барлық көршілес елдермен әр түрлі қарым-қатынастар жүргізді. Дегенменде, қарым-қатынастардың ең негізгісі, ең бастысы аталған ғасырларда оңтүстіктегі көршілес аумақ – Мауереннахрдағы билікте болған әулеттермен өткені белгілі. Әлеуметтік, экономикалық, сауда-саттық, мәдени, рухани, этникалық және тағы басқа байланыстардың ішінде саяси қатынастар алдыңғы қатарда тұрды.

Шығыс Дешті Қыпшақ пен Мауереннахр аумақтарындағы құрылымдар арасындағы саяси қатынастардың өзіндік тарихы бар. Әріге бармай-ақ, қыпшақтар дәуіріндегі Қыпшақ және Хорезм мемлекеттері, Ақ Орда мен Темір ұрпақтарының мемлекеттері арасында болған саяси қарым-қатынастар Қазақ хандығы құрылғаннан кейін де жалғасын табады.

Қазақ хандығының саяси тарихында Мауереннахрдағы саяси жүйемен болған қатынастардың өзін – XV ғасырдың соңғы 30 жылындағы саяси қарым-қатынастар, XVI ғасырдың басы мен алғашқы ширегіндегі саяси қарым-қатынастар, XVI ғасырдың 50-70 жылдарындағы саяси қарым-қатынастар, XVI ғасырдың соңындағы саяси қарым-қатынастар және XVII-XVIII ғасырлардағы саяси қарым-қатынастар деп бірнеше кезеңдерге бөлуге болады. Әрбір кезеңдердегі саяси қарым-

қатынастардың өздеріне тән ерекшеліктері және жалпы екі жақты қарым-қатынастар тарихында алатын орны мен маңызы бар. Сол себепті де біз бұл жұмысымызда XVI ғасырдың соңындағы Қазақ хандығы мен Мауереннахр арасында болған саяси қарым-қатынастар мәселелерін жеке қарастырып, осы кезеңде болған оқиғаларды, сонымен қатар, олардың маңызын ашып көрсетуді мақсат еттік.

Методология

XVI ғасыр соңындағы Қазақ хандығы мен шибанилық әулет билеген Мауереннахр арасындағы саяси қарым-қатынастар мәселелерін орындау барысында тарихи зерттеулерде қолданылатын зерттеу әдістері мен тәсілдері қолданылды. Хронологиялық принциптер басшылыққа алынып, салыстыру мен талдау әдістері кең пайдаланылды. Әсіресе тақырыпқа қатысты ортағасырлық дерек мәліметтері бір-бірімен салыстырылды және толықтырылды. Сондай-ақ бұрынғы тарихнамалық жетістіктер негізге алынып, олар одан әрі кеңейтілді.

Негізгі бөлім

Хандық дәуірдің алғашқы кезеңдеріндегі Қазақ хандығының көршілес елдермен жүргізген сыртқы саясатының негізгі мақсаты – қазақ халқының этникалық аумағының қалыптасуы үдерісін соңына дейін жеткізу болды. Дешті

Қыпшақ тұрғындарының басым бөлігі көшпелі мал шаруашылығымен айналысқандықтан оларға аумақтың солтүстік бөлігіндегі – Тобыл, Есіл өзендерінің бойындағы жазғы жайылымдардың маңызы қандай болса, оңтүстік бөліктегі – Сырдария өзенінің орта және төменгі ағысы бойында қысқы жайылымдар мен қоныс – тұрақтардың маңызы одан кем болмады. Бірнеше мың жыл бойы осы аумақта дәстүрлі шаруашылық түрін дамытқан жергілікті тұрғындарға Дешті Қыпшақ аумағы толықтай этно-шаруашылық аумақ болып саналды. Сонымен бірге Дешті Қыпшақтың жекелеген аймақтарының өте ерекше маңызы да болды. Сондай аймаққа XIV-XVI ғасырларда Түркістан аймағы деп саналған Сырдың орта және төменгі ағысы бойындағы өңірлер жатты. Бұл аймақтың шаруашылық маңызымен қатар, саяси-әкімшілік, рухани-мәдени орталық ретіндегі маңызы да зор болды.

XIII-XV ғасырларда Ақ Орда үшін, одан кейін Әбілқайыр хандығы үшін және Қазақ хандығы үшін Түркістан аймағындағы қалалар мен өңірлердің шаруашылық, экономикалық, саяси-әкімшілік, мәдени-рухани, геосаяси маңыздарға ие болғандығы белгілі (Кәрібаев, 2015: 176). Сол себепті де Дешті Қыпшақ билеушілері мен Мауереннахр билеушілері арасында бірнеше ғасыр бойы жүргізілген аймақ үшін күрестер жүргізіледі. XV ғасырдың 70-ші жылдарының басында Дешті Қыпшақтың басым бөлігінде өз билігін орнатқан Қазақ хандығының алдында Сырдың орта ағысы бойындағы қысқы жайылымдар мен жерлерді, қалалар орналасқан өңірлерді қайтару міндеті тұрды.

XV ғасырдың соңғы ширегінде бұл күресті Керей мен Жәнібек хандардың мұрагерлері – Бұрындық хан, Қасым хандар жүргізсе, одан кейінгі хандықтың «уақытша әлсіреу» кезеңінде аймақ жері Мауереннахрдағы шайбанилық әулетке тәуелді болып қалды. Хакназар хан тұсында Қазақ хандығы бұл аймақты қайтару үшін күрестерді қайта жандандырады. Ал, XVI ғасыр соңында қазақ ханы Тәуекел де Мауереннахрдағы шибанилық билеуші әулетпен осы мақсатқа қол жеткізу үшін саяси қатынастарды белсенді түрде жүргізеді.

Осы кезеңдегі, яғни XVI ғасырдың соңындағы Қазақ хандығының жалпы жағдайына сипаттама берелік.

XVI ғасырдың соңында Қазақ хандығының оңтүстік-шығысындағы көршілес елдердің бірі – Шығыс Түркістандағы шағатайлық билеуші әулет өкілдері басқарып отырған Моғулия мемлекеті болды. Біз сөз қылып отырған кезеңде

бұл мемлекет терең саяси дағдарыстарды басынан өткізіп жатты. 1533-1559 жылдары хан болған Абд ар Рашид хан тұсында біршама саяси тұрақтылық сақталса да, одан кейінгі жылдары оның ұлдары мен немерелері арасында аумақтың қалалары мен өңірлері үшін болған өзара үздіксіз күрестер Моғулияны терең саяси дағдарыстарға түсіріп жіберді. Күресіп жатқан топтың бір бөлігі тіпті билікке келу үшін Тәуекел ханның көмегіне сүйенуге мәжбүр болғанын жазба дерек мәліметтері анық көрсетеді. Шығыстанушы-ғалым В.П. Юдин осы мәліметтерді негізге алып, Шығыс Түркістан аумағындағы Чалыш пен Тұрфан қалаларындағы билікке кімнің отыратындығын Тәуекел ханның позициясы анықтады деген тұжырым жасайды (Юдин, 1969: 377).

Дәл осындай жағдай Қазақ хандығының шығысындағы ойрат тайпаларында қалыптасқан еді. Жоғарыда атап өткеніміздей, олар бір жағынан өздерінің шығысындағы халха моңғолдармен күресте үнемі жеңіліс тауып отырса, екінші жағынан, өз іштеріндегі саяси бытыраңқылық пен жақсы жайылымдар үшін болып отырған жиі қақтығыстар – оларды дәл осы кезеңде қатты әлсіретіп жібереді. Ойрат тайпаларының біріне Тәуекел хан інісін отырғызғандығы деректерден белгілі (Казахско-русские отношения, 1961: 3).

Қазақ хандығының солтүстігіндегі көршісі Сібір хандығы болса, Хакназар ханның кезінен бері Қазақ хандығының қарсыласы болатын. Бірақта дәл осы жылдары Сібір ханы Көшімнің жағдайы өте мүшкіл жағдайда болды. 1582 жылғы Ермақтың ауыр соққыларынан кейін, шибанилық Көшім хан қаншама тырысса да, мемлекетін бұрынғыдай қалпына келтіре алмады. 1591-1595 жылдар аралығында Көшім хан әскерлері бірнеше рет орыс әскерлерінен жеңіліс тауып, Сібір хандығы толығымен күйрейді.

Ал бұрынғы қуатты Ноғай Ордасының орнында бытыраңқы ноғай иеліктері – Үлкен ноғайлар, жембойлықтар, Алтыұл ноғайлары секілді әлсіз ноғай ұлыстары қалып, олардың басым бөлігі Мәскеуге жартылай тәуелді болып қалған еді.

Ал дәл осы кезеңдегі Қазақ хандығының басты қарсыласы – Мауереннахрдағы шибанилық әулеттің саяси жағдайы басқа көршілерге қарағанда басқаша болатын. 1556 жылы Самарқандағы шибанилық Наурыз Ахмет хан қайтыс болғаннан кейін, шибанилық әулеттің 24 жастағы келесі бір өкілі – II Абдаллах хан 1557 жылы Бұхарада тақты иеленеді де, ши-

рек ғасыр бойы жеке дара билік үшін үздіксіз күрестер жүргізеді. 1583 жылы әкесі Ескендір хан қайтыс болғаннан кейін өзін ресми түрде хан жариялап, өзінің келесі жорықтарын Хорасан, Бадахшан, Хорезм аймақтарына бағыттайды. Ол 1584 жылы – Бадахшанды, 1588 жылы – Гератты, 1595 жылы – Хорезмді бағындырады (Гафуров, 1989: 274). Сөйтіп, XVI ғасырдың 90-шы жылдарының бірінші жартысында Қазақ хандығының аумақтағы басты қарсыласы – Мауереннахрдағы шибанилық әулет билеген мемлекеттің саяси жағдайы өте қуатты болды.

Ал Мауереннахрдың оңтүстік-батыстағы көршісі Ирандағы сефевилік әулетпен қарым-қатынасы соғыс жағдайында болатын. 1587 жылы Иранда 16 жасында таққа отырған атақты сефевилік билеуші Аббас шах Хорасан аймағын Абдаллахтан қайтару үшін дипломатиялық және әскери жолдарды пайдаланады. Екі майданда соғыспау үшін ол 1590 жылы Осман империясымен бейбіт келісімге келеді. 1593 жылдың соңында ол Мәскеуге өз елшілігін жібереді.

Тәуекел ханның дипломатиялық өнері осы тұста байқалады. Күшейіп тұрған II Абдаллах ханға қарсы күресте ең сенімді одақтас Орыс мемлекеті бола алатынын білген Тәуекел хан Мәскеуге өз елшілігін жіберуді ойластырады. Бұл жылдары Орыс мемлекетінің шекарасы солтүстікте де, батыста да Қазақ хандығымен түйісе бастаған еді.

Тәуекел ханның Құл-Мұхаммед би бастаған елшілігі Мәскеуге 1594 жылы келді. Елшіліктің алдына бірнеше мақсат тұрды. Олар мыналар болатын: II Абдаллах ханға қарсы күресу үшін Орыс мемлекетімен әскери одақ құру, Тәуекел ханның немере інісі, Ондан сұлтанның ұлы Ораз-Мұхаммедті Мәскеудегі тұтқыннан қайтару; Орыс патшасынан Бұхараға қарсы күресу үшін «от шашатын қару» алу еді (Қазақско-русские отношения, 1961: 3-5). Бұл мақсаттың бәрі дәл сол жылдары Қазақ хандығы үшін өте маңызды болатын.

Құл-Мұхаммед бидің елшілігі жөнінде тарихнамада арнайы қарастырылған (Басин, 1965: 37). Тәуекел хан елшілігінің атқарған жұмысы мен оған жауап ретінде Орыс мемлекеті тарапынан келесі 1595 жылы қазақ ордасына келген орыс елшісі Вельямин Степановтың баяндауы мен жазбаларынан қазақ-орыс елшілік байланыстарынан басқа, сол кезеңдегі Қазақ хандығының сыртқы байланыстары жөнінде біршама құнды материалдар ала аламыз.

Ораз-Мұхаммед сұлтанның Құл-Мұхаммед бимен болған әңгімесінің жазбасында Тәуекел

ханның жағдайы және оның қалмақтармен, Бұхара билеушісімен, ноғайлармен қарым-қатынасы туралы мәлімет келтіріледі (Қазақско-русские отношения, 1961: 3). Осы құнды деректе Құл-Мұхаммед би Мәскеуге Ираннан елшілік келіп жатқанынан хабардар болып, Бұхара ханына қарсы бірігіп күресу үшін қызылбас елінің елшісімен кездесуге күш салады. Құл-Мұхаммед би орыс патшасының рұхсатымен Иран елшісімен кездеседі. Екі елші арасындағы негізгі тақырыптың Бұхараға қарсы бірігіп күрес жүргізу туралы болғаны анық. Қазақ елшісі Мауереннахрдағы шибанилық әулеттің билігіне қарсы қазақ-иран одағын қалыптастыру мәселесін көтеріп, оны нақтылау үшін қазақ елшілігінен бір адамды Иран елшілігіне қосып қызылбастар еліне жіберу туралы, ал Мәскеуде жүрген Иран елшілігінің бір адамын қазақ елшілігімен бірге Тәуекел ханға жіберу туралы ұсыныс білдіреді және ол ұсыныс қабылданады. Келесі жылы қазақ еліне орыс елшілігін басқарып барған Вельямин Степановпен бірге ирандық елшіліктің бір өкілі еріп барып, орыс елшілігімен бірге кейін оралады (Қазақско-русские отношения, 1961: 13). Ал қазақ елшілігінен Иранға барған адам туралы ешқандай мәлімет жоқ. Біз келесі беттерде сол тұстағы қазақ-иран қатынастары туралы, оның ішінде Бұхара ханына қарсы Тәуекел хан мен I Аббас шахтың әскери одағы жөніндегі ойларымызды арнайы білдіреміз.

Жалпы алғанда, Құл-Мұхаммед бидің елшілігінен байқағанымыз, Тәуекел хан үшін сол кездегі Қазақ хандығының ең басты қарсыласы Мауереннахрдағы шибанилық билеуші – II Абдаллах хан болғанын көреміз. Сол себепті де Тәуекел хан оған қарсы күресу үшін мүмкін болған жағдайдың бәрін пайдаланады.

1595 жылдың наурыз айында Тәуекел ханға Орыс мемлекетінен Вельямин Степанов бастаған елшілік аттандырылады. Және орыс елшілігінің құрамында жоғарыдағы келісім бойынша Иран елшілігінің Дервиш Мұхаммед есімді бір өкілі болады. Сол жылдың мамыр айының соңғы күні Қазақ ордасына жеткен орыс елшілігі 60 күн қазақтар арасында болып, шілденің соңғы күні кері қайтады. Қыркүйектің соңына таман елшілік аман-сау Мәскеуге жетеді. Вельямин Степановтың баяндамасы мен жазбасында оның қандай маршрутпен Қазақ еліне келгендігі, қандай қиыншылықтарды басынан өткергені, Тәуекел ханның оны қалай қабылдағаны, патша грамотасын қалай тапсырғаны және тағы басқа елшіліктің жәйттері айтылады (Қазақско-

русские отношения, 1961: 13-14). Орыс елшісі Тәуекел ханның ордасы қай жерде болғанын нақтылап айтпаса да, оның қай өңірде болғанын шамалап айтуға болады. Елшінің баяндамасында бір орыс боярының ұлы Илейка Меньшиков деген тұтқынның Ташкенттен қашып шығып, Қазақ ордасындағы орыс елшілігіне қашып келгенін, оның соңынан қуып келгендерге елшінің 14 сом беріп босатып алғанын жазады (Казахско-русские отношения, 1961: 13). Соған қарағанда, сол кездегі Тәуекел ханның ордасын Ташкенттен Дешті Қыпшаққа қарай, онша қашық емес жерде орналасқан деп санаймыз.

Жалпы, 1594 жылғы Тәуекел ханның орыс еліне барып қайтқан елшілігі де, 1595 жылғы Қазақ еліне келіп кеткен орыс елшілігі де қазақтар үшін негізгі мәселе – Бұхар билеушісіне қарсы бірігіп күресу жөніндегі мәселені шеше алмады. Мәскеу жағы сөз жүзінде болмаса, іс жүзінде Қазақ хандығына Бұхараға қарсы күресте ешқандай көмек беруге оң ниет көрсетпеді. Соған қарамастан бұл елшіліктер екі ел арасындағы ресми елшілік қатынастардың орнауына негіз қалады. Ал елшіліктің баяндамалары мен жазбалары сол тұстағы Қазақ хандығының тарихы үшін құнды деректер қатарына жатады.

Орыс елшілігі кейін оралғаннан кейін бірнеше жыл бойы Тәуекел хан үшін басты назар оңтүстіктегі көрші болып қала берді. Мәскеу тарапынан нақты ешқандай көмек болмаған соң Тәуекел хан Ирандағы сефевилік әулеттің билеушісімен жақындасуды жөн көрген секілді. Екі ел арасында жоғарыда атап өткеніміздей, елшілік өкілдер арқылы байланыстар орнатылғаннан кейін, Бұхара ханына қарсы Тәуекел хан мен Аббас шахтың көзқарастары бір арнада тоғысады. 1597-1598 жылдары қазақ ханы мен иран шахының Мауереннахр мен Хорасан аймағында шайбанилық билеушіге қарсы жүргізген соғыстарын алдын ала келісілген шаралардың нәтижесі деуге болады. Төменде осы мәселе жөнінде тереңірек тоқталып, ондағы кейбір сұрақтарға қатысты өз ойымызды білдірелік.

Осы тұста мынадай мәселені айта кеткенді жөн көреміз. 1594 жылы 30 мамырда орыс патшасы Федор Иванович Аббас шахтың Мәскеуге келген елшілігіне жауап ретінде князь А.Д. Звенигородский бастаған елшілікті Иранға аттандырады. Иран шахы орыс елшісін сол жылдың 6 қарашасында өз сарайында қабылдап, орыс патшасының Түркияға, Қырымға, неміс императоры Рудольфке, Литва короліне, Ноғай Ордасына, Дағыстан билеушісі Шевкалға, Бұхара ха-

нына және тағы басқа елдерге қарым-қатынасы жөнінде сұрақтар қояды. Бірақ Қазақ хандығы жөнінде, әсіресе, орыс патшасының Тәуекел ханға қарым-қатынасы туралы ешқандай сұрақ қойылмайды. Біз оның себебін былайша түсіндіруге тырысамыз.

Жоғарыда атап өткеніміздей, Тәуекел ханның елшісі Құл-Мұхаммед би мен Аббас шахтың елшісі арасындағы келіссөз бойынша екі елшіліктің бір-бір өкілдерін Қазақ елі мен Иранға жіберу жөнінде келісілген болатын. Иран елшілігінің бір өкілі В. Степановпен бірге Тәуекел ханға келіп кеткенін айттық. Ал қазақ елшілігінің өкілі туралы ешқандай жерде айтылмайды. Бірақ ол қазақ елшілігінің өкілі Иранға келмеді дегенді білдірмейді. Біздің ойымызша, қазақ өкілі Иранға ирандық елші Ази Хұсраумен бірге келген. Князь А.Д. Звенигородский елшілігі Иранға 1594 жылдың 22 қыркүйегінде келсе, иран елшісінің кемесі «қарсы соққан желдің қырсығынан» 7 күн кешігіп келеді. Орыс елшісі тек бір жарым айдан кейін шахтың қабылдауында болады (Корсакова, 1916: 311). Ал осы аралықта Ази Хұсрау елшілігіндегі қазақ өкілінен Аббас шахтың адамдары немесе шахтың өзі қазақтар туралы, Тәуекел хан және оның Мауереннахрдағы шайбанилық әулетпен, орыс патшасымен қарым-қатынастары туралы мәліметтерді біліп алған деуге болады. Сол себепті де Аббас шах орыс елшісінен қазақтарға қатысты өзіне белгілі ақпаратты сұрамаған деп ой түйуге болады.

Жалпы, осы жылдардағы қазақ-иран елшілік байланыстарының қорытындысынан біз, қазақ ханы мен иран шахының Мауереннахрдағы шайбанилық әулет билігіне қарсы күресінің келісіп жүргізгендігін байқауға болады.

Тарих ғылымында XVI ғасырдың 90-шы жылдарының соңында Тәуекел ханның Мауереннахрға 1598 жылғы жорығы жөнінде біршама жақсы қарастырылған (Вельяминов-Зернов, 1864: 345-352; Абусейтова, 1985: 83-91; Абусейтова, 1981: 124-141). Сол тұстағы оқиғаларды баяндайтын деректердегі мәліметтерді терең қарастыру және оларды бір-бірімен салыстыру барысында біз, XVI ғасырдың соңында Тәуекел ханның Мауереннахрға жорығы екі рет, 1597 және 1598 жылы, яғни біріншісі II Абдаллах ханның тірі кезінде, ал екіншісі Бұхар ханы қайтыс болғаннан кейін болғанын көреміз. Ортағасырлық дерек мәліметтерінде 1598 жылғы жорық туралы айтылады. Тек екі деректе ғана – Искандер Муншидің «Тарих-и аламара-йи Аббаси» және Хожамқұли – бек Балхидың «Тарих-и

Кипчаки» еңбектерінде Тәуекел ханның 1597 жылдың соңы мен 1598 жылдың басындағы жорығы жөнінде қысқаша болса да баяндалады (Вельяминов-Зернов, 1864: 342-343; Тарих-и Кипчаки, 1969: 394-395). «Тарих-и Кипчаки» дерегіндегі мәліметтің қысқаша мазмұны мынадай: «Қазақ сұлтандары әкесі мен ұлы [Абдаллах –хан мен Абд ал-Мумин-хан] арасындағы тартыс туралы хабарды естіп, бас көтерді. Тәуекел хан көп әскерімен Бұхараны бағындырмақ болды. Абдаллах хан ұрысқа [өзінің] қолбасшыларын алып шығады. Бұл ұрыста көптеген атақты өзбектер қаза тапты. Қашқан әскер Бұхараға келді. Бұл оқиға [хан үшін] қосымша күйініш болды. Ол әскер жиып, қазақтардың жорығына төтеп беру үшін Самарқан жаққа беттейді. Осы кезде ол қайғы мен күйініштен ауыра бастап, бір мың жетінші (1598/1599) жылы қайтыс болды. Ол Бұхара қаласындағы Хожа Нақышбанда мазарында жерленді...» (Тарих-и Кипчаки, 1969: 394-395). В.В. Вельяминов-Зернов Искандер Мунши еңбегіндегі Тәуекел ханның 1597-1598 жылғы Мауереннахрға жорығы туралы мәліметтің мазмұнын былайша аударып береді: «Әкесі мен ұлы арасындағы қастық пен жаулық туралы хабар Түркістанға тарағанда, бұған дейін Абдулланың күшінен қорқып тыныш өмір сүріп жатқан қазақ сұлтандары бас көтерді. Олардың бірі, өзі хан атағын иеленіп алған Тәуекел – сұлтан қазақ көп әскермен Ташкентке таяп келеді. Абдулла-хан оны өзіне лайықты қарсылас деп санамай, оған қарсы өз әулетінің сұлтандарын, шекаралас аймақтардың әмірлерін және әскерінің бір бөлігін жіберумен шектеледі. Екі жақ әскері Ташкент пен Самарқанд аралығында кездесіп, қанды шайқас болды. Ханның бұған дейін ешқашан жеңіліс көрмеген әскері жеңіліс тапты. Әмірлер мен қолбасшылардың көп бөлігі және бірнеше сұлтан қаза тапты, ал әскердің аман қалған бөлігі өте нашар және жалынышты күйде Бұхараға қашып келді. Бұрын да ұлының әрекетінен күйініп отырған ханды бұл жағдай одан әрі қатты қайғыландырды... Ол тек қана әскер жиып, жеңілістің орнын жабуды ойластырды. Әскер жиылып, туындаған қауіптің алдын алу үшін және Тәуекел ханнан кек алу үшін Самарқанға бет алды, бірақ онда келісімен ұлының бағынбауы мен қазақтардан жеңілу салдарынан болған қайғы оның денсаулығын күрт нашарлатып жіберді. Ауруы күшейіп, ол көп ұзамай қайтыс болды» (Вельяминов-Зернов, 1864: 342-343).

Келтірілген екі дерек мәліметінен көріп отырғанымыздай, Тәуекел ханның бұл айтылып

отырған жорығы кезінде II Абдаллах хан әлі тірі. Шайбанилық ханның нақты қайтыс болған жылы мен күні ғылымда анық белгілі, ол – 1598 жылдың 8 ақпанында болған (Мухаммед-Юсуф Мунши, 1956: 69). Олай болса, келтірген дерек мәліметтері Тәуекел ханның бұл жорығы 1597 жылдың соңы мен 1598 жылдың басында болғанын көрсетеді.

Абдаллах – ханның ұлы, әрі мұрагері Абдал-Мумин ханның әкесінен соң Бұхара қаласында таққа отырғаны көпшілікке мәлім. II Абдаллах ханның қайтыс болғаны жөніндегі хабарды естісімен Иран шахы бірден Хорасанды тезірек қайтару үшін жорыққа дайындалады да, 1598 жылдың 9 сәуірінде астанасы Исфаханнан Гератқа қарай аттанып шығады (Мухаммед-Юсуф Мунши, 1956: 90). Ал Тәуекел ханның Мауереннахрға келесі жорығы алты айдан кейін, яғни Абд-ал Мумин хан қастандықпен өлтірілгеннен кейін басталады. «Тарих-и Кипчаки» дерегінің авторы бұл жөнінде «Абд-ал Мумин ханның өлтірілгендігі туралы хабарды ести сала...Тәуекел хан Ташкент пен Мауереннахрды бағындыру жолына кірісті», – деп жазады (Тарих-и Кипчаки, 1969: 395).

Жоғарыда келтірілген дерек мәліметтерінен Тәуекел хан мен Аббас шахтың Мауереннахр мен Хорасандағы шайбанилық әулеттің билігіне қарсы жүргізген күрестері алдын ала жасалған екіжақты келісімнің нәтижесінде жүзеге асқан деуге болады. Мұндай келісім Тәуекел ханның ордасында болған ирандық елшілік өкілі мен Иранға жіберілген қазақ елшісі өкілінің жұмыстарының нәтижесі деп түсінеміз. Тәуекел хан келісімге сай Мауереннахрға алғашқы жорығын 1597 жылы II Абдаллах ханның тірі кезінде жасаса, Аббас шах болса, Бұхара билеушісі қайтыс болғаннан соң, 1598 жылы ұйымдастырады. 1598 жылы Тәуекел ханның келесі жорығы II Абдаллах ханның мұрагері қайтыс болғаннан кейін жасалады. Осылайша, Тәуекел ханның Мауереннахрдағы шайбанилық әулеттің билігіне қарсы күресі – оны тек қазақ тарихындағы ғана емес, сонымен бірге XVI ғасыр соңында бүкіл Орталық Азия аумағындағы танымал саяси қайраткер деңгейіне дейін көтереді.

Енді Тәуекел ханның 1598 жылғы Мауереннахрға соңғы жорығы мен оның барысына тоқталсақ.

Жоғарыда атап өткеніміздей, Тәуекел ханның жорығы 1598 жылы жаз айының соңында Абд ал-Мумин ханның қастандықпен өлтірілуінен кейін басталады. Бұхара тағында алты ай отырған оны жергілікті әмірлер жасырын түрде қастандықпен

өлтіреді. Бір қызығы, Мұхаммед Юсуф Мунши бойынша, Абд ал-Мумин ханға қастандық ұйымдастырушылардың басында беделді бір қазақ ақсақалы болған. Ол былай деп баяндайды: «... Оның (Абд ал-Мумин ханның. – Б.К.) билігі алты айға созылды. Бұхаралықтардың әкесінің қайырымдылығы мен ізгілігіне үйреніп қалғанын және өзінің іс-әрекеттеріне наразы болып, жаман бірдеңе ұйымдастырмақ ойларын Абд ал-Мумин білді. Ол ең беделді танымал адамдардың көзін жоймақ болды. Олар болса оны біліп қойып, жасырын кеңеске жиналды да, өздерінің үлкен істі (орындауға) дайын екендіктерін мәлімдеді. Жиналғандар ішінде бір ақсақал қазақ бар еді, ол былай деді: «Олай деуге болмайды». Ол орнынан тұрып, жиналысқа қатысушылардың әрқайсысының кеудесін кезек-кезек қолымен ұстап шықты да, ойымызды жүзеге асыруды айтқанда бәрінің жүректерің қатты соғып кетті. Тек екі адамға қарап тұрып: «Сендердің жүректерің орнында тұр», – деді ақсақал. Ойластырған істі жүзеге асыру жаңағы екі адамға жүктелді» (Мухаммед-Юсуф Мунши, 1956: 69). Сол екі адам Абд ал-Мумин ханды өлтіріп, басын кесіп алады (Мухаммед-Юсуф Мунши, 1956: 69-70).

Дерек мәліметіндегі есімі белгісіз ақсақал қазақтың Тәуекел ханға қаншалықты қатысы бар екені беймәлім. Дегенменде, біз 1580 жылдардың басынан бері Тәуекелдің Мауереннахрда болғанын, Бұхарамен ашық түрде де, жасырын түрде де саясат жүргізгенін, 1594 жылдан бастап басты қарсыласы шайбанилық әулет екенін ескере келе, ақсақал қазақтың жай адам емес, Тәуекел ханның Бұхара қаласындағы сенімді адамдарының бірі деген ойға көңіліміз ауады. Және ол адам жалғыз болмаған. «Тарих-и аламара-йи Аббаси» мәліметінде II Абдулла ханның ең сенімді, әрі белгілі әмірлерінің бірі – Абд ул – Уаси би деген әмірдің хан өлімінен кейін Тәуекел хан жағына шығып, Абд ал-Мумин ханға қастандық ұйымдастырушылардың бірі болғандығы және Тәуекел ханды Мауереннахрға жорық жасауға шақырғандығы айтылады (Вельяминов-Зернов, 1864: 351). Осындай мәліметтерге қарап, Тәуекел ханның Мауереннахр қалалары мен оның астанасы Бұхара қаласында ықпалының күшті болғандығын көреміз. Осы факторлар 1598 жылғы жорықта Ташкент, Ахси, Андижан, Самарқанд секілді қалалардың қазақтар жағына ұрыссыз өтуінің көп себептерінің бірі болса керек.

Тәуекел ханның 1598 жылғы Мауереннахрға соңғы жорығы туралы мәліметтер «Тарих-и

аламар-йи Аббаси» мен «Тарих-и Кипчаки» еңбектерінде біршама жақсы баяндалады. Екі деректегі мәліметтерді бір-бірімен толықтыра отыра, жорық барысын қарастыралық.

Тәуекел ханның жорығы жаздың соңғы айында басталады. Тәуекел ханның жарлығына сәйкес бүкіл қазақ жерінен 120 сұлтан атқа отырады (Мухаммед-Юсуф Мунши, 1956: 208). Искандер-бек Муншидың мәліметтеріне қарап, Тәуекел хан жорыққа жүз мыңнан аса әскер шығарған және ол әскердің бәрі Дешті Қыпшақ пен Түркістан аймағындағы тайпалардан жасақталғанын көреміз (Вельяминов-Зернов, 1864: 347-348). Дерек мәліметінде Тәуекел хан әскерін автор «Түркістандық және «көшпелі Өзбектер» тайпаларынан жиналды» деп жазады. Бұл жерде «көшпелі Өзбектер» дегеніміз – Қазақ хандығы құрылғанға дейінгі Дешті Қыпшақ тайпаларының жиынтық атауы, негізінен XV ғасырдың екінші ширегінде Әбілқайыр ханның билік құрған жылдары оның қол астына қараған тайпаларға қатысты айтылады. Қазақ хандығы құрылғаннан кейін қазақ хандарының билігі тараған Дешті Қыпшақтың басым бөлігіндегі тайпалардың бәрі қазақтар деп атала бастайды. «Көшпелі өзбектер» терминін көбінесе сол кезеңдегі парсылық авторлар қолданады. Ал түркістандық тайпалар деп Искандер-бек Мунши Сырдария өзенінің орта ағысы бойындағы жартылай отырықшы және жартылай көшпелі жергілікті тайпаларды айтып отыр.

Одан әрі Искандер-бек Мунши өз баяндауын былайша жалғастырады: «Тәуекел ханның осыншама мол әскеріне жергілікті өңірдің тұрғындары ешбір қарсылықсыз бағынды. Аз уақыт ішінде ол Орта Азияның Ташкент, Ахси, Андижан, Самарқан сияқты ірі қалалары мен өңірлерін Бұхара аймағының қаласы Мианқалға дейінгі жерлерді басып алады. Самарқанда 20 мыңдық әскермен інісі Есім сұлтанды қалдырып, өзі 70-80 мың әскермен Бұхара алу мақсатымен қалаға бет алады. Бұхарада 15000 мыңға жетпейтін әскер болғандықтан, Пір-Мұхаммед хан мен әмірлер жаумен ашық майданға шықпай, қала бекінісі мен мұнараларын күшейтеді. Тәуекел хан қалаға жақын келіп, әскері бірнеше бөліктерге бөлінеді де, қаланы түгелдей қоршауға алады. Бұхарлықтар күн сайын қаланың әр қақпасынан қарсыластарына шабуылдар жасап, олардың адам санына шығындар келтіріп отырады. Осылайша он бір күн бойы осындай ұрыстар болып тұрады. Он екінші күні Бұхарадағы барлық әскер қаладан шығып, күннің атысынан күннің батысына дейін соғысады. Осы күні бұхарлықтар

жеңіске жетеді. Ал Тәуекел хан шегінуге мәжбүр болады. Шегінген әскердің алды Самарқандқа жеткенде болған оқиға түгелдей Есім сұлтанға баяндалады.

Мұндай хабарды естіген Есім сұлтан ашула- нып ағасына мынадай сипатта хабар жібереді: «Соншама әскермен азғантай ғана Бұхара әскерінен жеңіліп, шегіну деген ұят және өте қатты ұят нәрсе, егер хан Самарқандқа келсе, бұл жақта да Бұхара жақтағыдай самарқандықтардың бізге бағынбауы мүмкін. Хан шегінісін тоқтатып, кері оралсын, мен оған өз әскеріммен қосыламын» (Вельяминов-Зернов, 1864: 349). Тәуекел хан інісінің кеңесін құп ала- ды да, қайтадан Бұхараға бет алады. Көп ұзамай оған Есім сұлтан келіп қосылады. Бұхараға да Бақы-Мұхаммед сұлтан бастаған әскери күш Балхтан көмекке келіп жетеді. Екі жақтың әскері Мианқалдың Ұзынсақал деген жерінде кездесіп, ұрысты бастап кетеді. Шайқастар қайта жалғасып, бір айдай уақытқа созылады. Соғысушы екі жақ түпкілікті жеңіске жете ал- майды. Осындай бір сәтте Тәуекел хан әскерді өзі бастап ұрысқа түседі. Қарсыластар жағынан көп әскер шығынға ұшырап, бұхарлықтардың

ең беделді және танымал адамдары қаза таба- ды. Осы шайқаста Тәуекел ханның өзі де ауыр жарақат алады. Хан жараланғаннан кейін қазақ әскерлері Ташкентке оралады. Ал көп ұзамай Тәуекел хан қайтыс болады (Вельяминов-Зер- нов, 1864: 350-351; Абусейтова, 1981: 134-135).

Қорытынды

Біріншіден, XVI ғасыр соңында Қазақ хандығының Мауереннахрға қарсы жүргізген күресі барысында Мәскеумен елшілік байланыс- тар орнатылады, Ирандағы сефевилік әулетпен байланыстар жасалады.

Екіншіден, Тәуекел ханның осы соңғы жорығының нәтижесінде Қазақ хандығы Түркістан аймағы үшін жүргізілген бір жарым ғасырлық күресін жеңіспен аяқтайды. Алғаш рет Қазақ хандығының құрамына Түркістан аймағындағы қалалар және жайылымды жерлер- мен бірге Ташкент аймағы да қосылады.

Үшіншіден, XVI ғасыр соңында Қазақ хандығының жемісті күрестері нәтижесінде қазақ халқының этноаумағының қалыптасуы аяқталды деп санаймыз.

Әдебиеттер

- Абусейтова М.Х. (1981). Из истории казахско-среднеазиатских отношений: события 1598-1599 годов. 124-141 с. Мына кітапта: Казахстан в эпоху феодализма (проблемы этнополитической истории). Алма-Ата. Наука. КазССР.
- Абусейтова М.Х. (1985). Казахское ханство во второй половине XVI века. Алма-Ата: Наука.
- Басин В.Я. (1965). Из истории русско-казахских дипломатических отношений в XVI-XVII вв. ҚазССР ҒА Хабаршысы, Қоғамдық ғылымдар сериясы. №1, 37-51 бб.
- Вельяминов-Зернов В.В. (1864). Исследование о Касимовских царях и царевичах. Ч.2. Санкт-Петербург.
- Гафуров Б.Г. (1989). Таджики. кн. II. –Душанбе: Ирфон.
- Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках. (1961) (Сборник материалов и документов). Издательство Академии Наук Казахской ССР. Алма-Ата.
- Кәрібаев Б. (2015). Қазақ хандығының күшеюі (XV ғ. соңғы – XVI ғ. алғашқы ширектері). Алматы: «Сардар» баспа үйі.
- Корсакова В. (1916). Звенигородский, Андрей Дмитриевич // Русский биографический словарь: В 25 томах. Жабокритский- Зяловский. Петроград.
- Мухаммед – Юсуф Мунши. (1956). Муким-ханская история. Перевод с таджикского, предисловие, примечание и указатели профессора А.А. Семенова. ИВ АН УзССР. Ташкент.
- Тарих-и Кипчаки. (1969) // Материалы по истории Казахских ханств XV-XVIII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений) / Сост.: С.К.Ибрагимов, Н.Н. Мингулов, К.А.Пищулина, В.П. Юдин. Алма-Ата.
- Юдин В.П. (1969). Тарих-и Шах Махмуд бен Мирза Фазил Чорас.// Материалы по истории Казахских ханств XV-XVIII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений) / Сост.: С.К. Ибрагимов, Н.Н. Мингулов, К.А. Пищулина, В.П. Юдин. Алма-Ата.

References

- Abuseitova, M.H. (1981). Iz istorii kazakhsko-sredneaziatskix otnoshenii: sobytiya 1598-1599 godov. [From the history of Kazakh-Central Asian relations: the events of 1598-1599]. In «Kazakhstan v epohu feodalizma (problemy etnopoliticheskoi istorii)». Alma-ata, Nauka.
- Abuseitova, M.H. (1985). Kazakhskoe hanstvo vo vtoroi polovine XVI veka. [Kazakh Khanate in the second half of the XVI century]. Alma-ata: «Nauka».
- Basin, V.Y. (1965). Iz istorii russko-kazakhskikh diplomaticheskix otnoshenii v XVI-XVII vv. Bulletin of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR. №1, p. 37-51.

Velyaminov-Zernov, V.V. (1864). *Isledovanie o kasimovskih caryah i carevichah*. [Study on Kasimov kings and princes]. Vol.2. Sankt-Peterburg.

Gafurov, B.G. (1989). *Tadzhiki. Kniga II*. Dushanbe: Irfon.

Kazakhsko-russkie otnosheniya v XVI-XVIII vekah. [Kazakh-Russian relations in the XVI-XVIII centuries]. (1961). (sbornik materialov i dokumentov). izdatelstvo akademii nauk Kazakhskoi SSR. Alma-ata.

Karibaev, B. (2015). *Kazak handygynyn kysheyui (XV g. sony –XVI g. algashky shirekteri)*. [Enhancement of the Kazakh Khanate (the first quarters of the XV century – the first quarters of the XVI century)]. Almaty, Sardar.

Korsakova, V. (1916). *Zvenigorodskii, Andrei Dmitrievich*. // *Russkii biograficheskij slovar : v 25 tomax. Zhabokritskii- Zyalovskii*. Petrograd.

Muxammed – Yusuf Munshi. (1956). *Mukim-xanskaya istoriya*. [The Book of Mukim-Khans]. Pervod s tadzhikskogo, predislovie, primechanie i ukazateli professora A.A. Semenova. Tashkent.

Tarih-i Kipchaki. (1969). *Materialy po istorii kazakhskix hanstv XV-XVIII vekov (izvlecheniya iz persidskix i tyurkskix sochinenii)*. [Materials on the history of the Kazakh Khanates of the XV-XVIII centuries (Extracts from the Persian and Turkic works)] / sost.: S.K. Ibragimov, N.N. Mingulov, K.A.Pishhulina, V.P. Yudin. Alma-ata.

Yudin, V.P. (1969) *Tarih-i Shah Maxmud ben Mirza Fazil Choras. Materialy po istorii kazakhskix hanstv XV-XVIII vekov (izvlecheniya iz persidskix i tyurkskix sochinenii)*. [Materials on the history of the Kazakh Khanates of the XV-XVIII centuries (Extracts from the Persian and Turkic works)] / sost.: S.K.Ibragimov, N.N. Mingulov, K.A.Pishhulina, V.P. Yudin. Alma-ata.